



АҚЫҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ



Аманхан ӘЛІМҰЛЫ,
«Ақиқат» журналының
Бас редакторы

«Қазақ әдебиеті» газетінің тапсырысымен 2001 жылы 12 наурызда қазақтың көрнекті жазушы-драматургі Қал-ағаң – Қалтай Мұхамеджановпен сұхбаттасқан едік. Бұның қадірменді де құрметті абыз ағамызбен соңғы әңгімеміз болатынын қайдан білейік. Содан бері де бірнеше жылдың жүзі болды. Үнтаспаға жазылып алған осынау сұхбат кезінде «Қазақ әдебиеті» газетінде ықшамдалып басылған болатын. Бүгін сол ардақты жанмен болған әңгімені толық, ауызша сөйлеу мәнерін со қалпында сақтап, назарларыңызға ұсынып отырмыз. Үнтаспа болса Қал-ағаң үйіндегі жеңгейге тапсырылды.

– Қал-аға, Құдайдың азды-көпті ғұмырын кешіп, бұйырған дәмін татқанда, көңіліңізге түйіп, тұтынған қағидаңыз не?

– Мен 37 жылғы аман қалғандардың бәрімен араласқан адаммын. Біздің ұрпақтың бәрі сондай. Үлкен кісі – Мұхаң-Мұхтар Әуезовті көргем. Әңгімесін тыңдағам. Тұздас, дәмдес болдым. Соның арасында Сәбең, екі Ғабен, сондай-ақ, Тайыр жароков, Ғали Орманов та бар. Біздің ұрпақтың бойында жақсы қасиеттер болса солардан жұққан. Жаман қасиетті біз өзіміз-ақ тауып аламыз. Ешкімнің көмегінің керегі жоқ.

Менің тұтынатын қағидам бар. Ол (Әуезов) Мұхаңның: «Неге озып кеттің деп біреудің шаужайына жабысқанша, неге қалып қойдым деп өзіңді қамшыла» дегені. Солай болу керек. Ал, өнердегі бақталастық – бейшаралық.

Хадисте екі-ақ нәрсе қымбат деп жатады ғой. Бірі – денсаулық, екіншісі – уақыт. Сен денсаулығыңды, сосын уақытыңды қалай пайдаланасың, әңгіме сонда. Бірақ, осыны ұстанып жатқан қазақтың жазушылары, ақындары сирек деп білем. Оның ішінде өзім де бармын. Сондықтан, алдыңдағы ағалардың бойындағы қасиет те, замандастарыңыздың да қасиеттері, керек десеңіз, артта келе жатқан жастардың да қасиеті – мектеп. Марксизмнің «Три источнигі» сияқты, мұның үшеуі де үш бұлақ... Бұл қай ұрпақтың өкіліне болса да әсер етеді, күш-қуат береді. Сенің айтпағаныңды артыңнан келе жатқан ұрпақтың айтып жатқанын көресің. Оқымағаныңды солардың оқығанынан білесің. Өйткені, келе жатқан ұрпақтың жүгі сенікінен де ауыр.

Кейінгі ұрпақтың бізден гөрі бір ерекшелігі бар. Олар толып жатқан цензура, толып жатқан қырғи қабақ, толып жатқан қызғаныштардың барлығынан ада. Жастар біз тек атын естіп, «цитатын» ғана оқыған адамдардың шығармасының түпнұсқасын біледі. Олар – Флоренский, Бердяев, князь трубецкой, карсавин, үлкен Вернадцкий еңбектері. Біздің жасымызда оқу деген суға жазғанмен бірдей. Мен, мысалы үшін өздеріңнің шығармаларыңды газеттерден оқып, телевизордан көріп қуанып отырамын. Соның өзін бір жетіден кейін Қал-аға мынауымды оқып, анауымды көрдіңіз бе десең, оқыдым, көрдім деймін. Бірақ, олардың мазмұнын тереңдеп айтып бере алмаймын. Бұл кәріліктің әсері, білдің бе? Бірақ, үйреніп қалған әдет – оқымай отыра алмайсың.

Қазір жастардың өзі, мына өздерің бастаған топ үш түрлі. Біріншісі, өзінің ұлттық дәстүр, қасиетін тәрк етіп жүргендер. Екіншісі – қосмекенді жәндік сияқты еуропалық мәдениет пен қазіргі өркениетті бірдей білсем дейтіндер. Бұлар – қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, творчестволық қызтеке сияқты не ананы оңдырып, не мынаны оңдырып жүрмегендер. Ал үшіншілері – өзінің халқының дәстүрін, фольклорын, тұрмысын, тарихын сақтап жүргендер. Сонымен бірге, олар Еуропаны да жақсы біледі. Оларды космополит деп айта алмайсың.

– Соған қарамай, біз әлі де болса өркениет пен мәдениеттің айырмашылығын біле бермейтін сияқтымыз?

– Өркениет пен мәдениет дегенде, алдымен өркениеттің негізі – ғылым, мәдениеттің негізі – дін екенін білуіміз керек. Мәдениеттің көзі рухани азық болса, ал, өркениет ғылымға негізделеді. Бірақ, бұл екеуінде де ақыл-ойдың жемісі бар. Яғни, бұлар қоғамның қос қанаты сияқты. Мысалы, өркениет орақтан комбайнға, қол диірменнен элеваторға дейін болса, мәдениет діни гимндерден светский поэмаларға дейін. Өркениеттің жалпы адамзаттық болатыны сондықтан. Мәдениет – ұлттың негізі, өркениет – тұрмыс-тіршіліктің көзі. Айтайық, қасықты кім ойлап шығарды? Соның түбіне жеткен бар ма... Ағылшын ойлап шығарды ма, Қытай ойлап шығарды ма, оны ешкім білмейді. Оның «жалпыадамзаттық» деген жалпы ұғыммен айтылатыны да сондықтан.

Бүкіл Еуропаның музыкасы мен живописін қарасаң Библияның сюжеттерінен бастау алған. Библиядағы көптеген оқиғалар Құран мен Хадисте де бар. Оларды біздің ақындар жақсы пайдаланған. Мәселен, «Жүсіп пен Зылиха», оны айтасыз, Исаның өмірінен поэма жазғандар да жоқ емес. Сондықтан, бүкіл мәдениеттің негізін дін дейміз.

Адам қартайған сайын ой баса береді. Сосын «ой-бой» істемеген ісім көп екен ғой дейсің. Сондай. Өмір деген немен өкінішке толы. Өкінгенде «Мен классик болмадым» деп өкінген емес, қолыңнан келетінінді істей алмай өткенің өкініш. Әйтпесе, данышпан бола алмадым деп өкіну ақымақтық. Бірде Адам Аллаға: «Бәрін бердің, енді сен маған бақ бер» депті. сонда Құдай: «Әй, Адам – сені он сегіз мың ғаламның иесі етіп жараттым. Саған ақыл бердім, парасат бердім. Тіпті, болмаған соң қабырғаңнан қатын жасап бердім. Енді, бір бақты өзің таба алмасаң, несіне адам болып жүрсің, нені бақ санайсың, соны өзің тауып ал. Байлықты бақ деп санайсың ба, жарды бақ деп санайсың ба, ұрпағыңды, балашағанды бақ деп санайсың ба, өзің біл депті. Оған шамаң келмесе, саған сонша ақыл-парасатты неге бердім?», – деген екен. Бақтың үлкені – қанағат. Әйтпесе, бақыт мынау деп оның бақайынан ұстаған ешкім жоқ. Ол абстракциялық нәрсе.

– Қал-аға, күнделікті газет-журналдар оқып, теледидар көріп отырасыз ғой, сондағы байқағаныңыз не?

– Шамамның келгенінше бәрін де қарап, қадағалап отырамын. Меніңше, бәрі құрып жатыр деп, ауызды құрғақ шөппен сүрткенше, сол тәуелсіздікпен өткен он жыл ішінде қолымыз неге жетті деген мәселені сөз етсек, дұрыс болған болар еді. Біз жетпіс жыл бойына Үкіметтің астауынан тамақ жеп, «үкімет сені асырайды» деген принциппен өмір сүріп үйрендік қой. Алғашқы қиындыққа ұрынуымыздың да сыры сонда. Соның барлығы қазақтың «Еңбек етсең – емерсің», «Еңбек түбі – зейнет» деген мақалын есімізден шығарғанымыздан. Біле-білсек, Сен-Симонның «Источник богатство – труд» деген мақалын біздің қазақ Сен-Симон дүниеге келмей тұрғанда-ақ айтып қойған.

Қазақ – философ халық. Оны толық зерттеген бірде-бір философ жоқ. Тарихшыларымыз болса баяғы әуенмен келе жатыр. мысалы, Қорқыттың айтқандары Томас Моррдың айтқандарынан бұрын айтылған. Әл-Фарабидің, Ибн Синаның кезінде еуропада не бар еді, салыстырып көрші. Әл-Фарабидің кезінде не бар еді, Қорқыттың кезінде не бар еді. Соларды салыстырып жатқан ешкім жоқ.

Орыстың «Слово о полку Игоревесі» 200 жолдан аспайды. Ал, қазақтың фольклорын қарашы! Немесе Дмитрий донской, минин мен Пожарский туралы жазған поэмалары бар ма? Бізде бір Қабанбай жөнінде қаншама дастандар жазылған. Осының өзінен-ақ біздің ауыз әдебиетіміз бен фольклорымыздың қаншалықты бай екендігіне көз жетсе керек еді. Өкінішке орай, әзірше біз соның қадір-қасиетіне әлі де толық жете алмай келе жатқан секілдіміз.

– Қал-аға, өз басыма қазақ газеттерінде жинақтаушылық та, ал орыс газеттерінде күйретушілік күш басымдау көрінеді. Жалпы, Қазақстандағы ең көп (!) орыс және қазақ басылымдары туралы не айтар едіңіз?

– Бұл туралы айтқанда, орыс басылымдарының тарихы біздікіне қарағанда тереңде жатқанына еріксіз ден қоясың. оларда дәстүр бар. «Русский ведомство» басылымының өзі неге тұрады. Олардың Еуропадан үйренгені көп. Сосын, радишевтен берінің өзінде қаншама газет-журналдары бар. Ал, біздің журналистика 1870 жылдары ғана басталған жоқ па? Сондықтан, қазақ журналистикасы жанр есебінде жас. Ал, бірақ ақыл-парасаты

ешкімдікінен де кем емес. Кемшілік дегенде, бізде көпсөзділік басым. Өйткені, қазақ дейтін ұлт бүкіл ой-арманын сөз өнеріне, сөз бояуына берген. Мен өзім қазақ әдебиеті тұнығынан қанып ішкенмін. Фольклорды баяғыдан білемін. Міне, соның бәрі біздің журналистикаға да ықпалын тигізбей қоймаған. мысалы, «Қыз Жібектегі» «Тартқан сымнан жіңішке, үзіліп кетпей неғып тұр» деген қыздың беліндей теңеуді қай Шекспир, қай Пушкиннен табасың? Әйтпесе, алпысқа келген қарт Қожаққа Ақжүністің:

– Ей, қарт Қожақ, қарт Қожақ,

Аттың басын тарт, Қожақ!

Қара жерге қар жауар,

Қарды көр де, етім көр.

Қар үстіне қан тамар,

Қанды көр де бетім көр.

Тауға барсаң, қолаң бар,

Қоланды көр де, шашым көр.

Зергер барсаң, түйме бар,

Түймені көр де, басым көр – дегеніндей поэзияны қай ел ақындарынан немесе фольклорынан кездестіре аласың? Қазақ живописі тек қана тілмен жасаған. Яғни, бізде музыка мен тіл өнері ерекше дамыған. Қазақ журналистикасының көп сөзді болатындығының сыры сонда.

Реті келгенде айтайын. Бір жұмбақ нәрсе, қазақта бірлік жоқ деген сөз. Оған мен басымды қағып алсаң да сенбеймін. Қазақ бірлігі болмаса, мынадай жерді сақтап қалмайды. Әйтпесе, неге 3000 шақырым жерден Салқам Жәңгір 1646 жылдан жоңғарлармен соғысып жатқан жерге аз ғана әскермен жетіп барады? Сосын, Жалаңтас батыр ше? Ол да 3000 әскермен көмекке бармай ма? Сөйтіп, жоңғар қақпасын талқандаспай ма? Бірлігі жоқ болса, оны неге істейді? Сосын, қазақтың бірлігі өзінің философиялық мақал-мәтелінде. «Жігіттің үш жұрты бар: қайын жұрты, өз жұрты, нағашы жұрты», «Төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді» деген француздың мақалы емес, қазақтың мақалы. Білдің бе? Орыста да жоқ мұндай мақал. Қазақ бірлігі қай уақытта бұзылды? екатерина апаның указдарын қара. Сол апаның кезінде Мұхамедшин деген молда болған. Сол сияқтылар қазақты теріс дінге түсіріп, қазақтың ішіндегі жағдайын орыс отарлаушыларына жеткізіп отырған. Олар жасырын айлық алып отырған.

– Қал-аға, дәл осы туралы Мұхамедсалық Бабажанов та жазған.

– Білемін. Білсең, сен Ұлы жүз бен Орта жүздің, Кіші жүздің бір-бірімен соғысқанын қай кітаптан оқыдың? Ондай жоқ қой. Орыстың тарихын қарашы. Қай князь қай князьбен соғыспаған...

– Қырғын...

– Қырғын, білдің бе? Әйтпесе, Қоқан, Бұқар, Хорезм хандығын алшы. Бір-бірімен қырық пышақ емес пе? Ал, қазақта ондай жоқ. Өйткені, біреуінің қатыны кіші жүзден, екіншісінің нағашысы орта жүзден... болып одан әрі кете береді. Міне, солай. Қазіргі трайбализм деп жүргендерің – ескі саясаттың салқыны. Сондықтан, жаңағы сен айтып отырған қазақ журналистикасының жинақтаушылық күші мол деуінің сыры сонда.

– Қал-аға, «өркениет дамыған тұстан мәдениет шегінеді» деген түсінік бар емес пе? Оның творчествоға ықпалы қанша?

– Өркениеттің творчествоға тигізетін түк әсері жоқ. Нағыз жазушының қалам мен қағаздан басқа ештеңесі болмаған, болмайды да. Ол Египеттің кезінде де солай еді. Ежелгі Қытайда да солай болған. Қазір де солай. Творчество адамындай трагедиялық тұлға жоқ. Оның бар көрген-баққаны – Құдай берген шығармашылығы. Ал, нағыз шығарманы тудыруға оған, оның махаббат жалынымен жартасты ерітіп қосылған жары да көмектесе алмайды. Өйткені, суреткер адам – шексіз ғарыш әлемі секілді. Өзінше бір әлем.

– Осыған орай, бір сұрақ. Өнер адамына қоғам, мемлекет жағдай жасау керек деген ұғым бар. Бұл мәселеде суреткерге үйдегі әйелі, бала-шағасы да жағдай жасауға ұмтылуы керек-ау.

– Жағдай адам түгіл малға да керек. Адамға үйдің атмосферасы әлбетте керек. Ал, егер сен дарынсыз болсаң, саған үйіңді пейіш қылып қойса да ештеңе жаза алмайсың. Жалпы, шабыт дегеніміз – еңбекқорлық қой.

– Онда Қуандық Шаңғытбаевтың үш-ақ кітабы бар, ендеше оның өлеңге құмарлығы кеміді дейміз бе? Енді біреулерде 150 кітап бар. Бұл не? Әлде талғам мен таланттың арасындағы мәселе ме, бұл?

– Тарковскийда қанша кітап бар.

– Үш-төрт-ақ кітап бар.

– Вот, Тарковский – великий русский поэт. Ал, біздің Қуандық та сол типтес ақын. Қуандық эстет. Сосын, ол сөздің салмағын, дәмін, бояуын өте жақсы біледі. Сондықтан, қазақта ондай талғам мен талант таразысын тең ұстаған ақын жоқ деп ойлаймын.

– Қал-аға, осындай тұста, талғам талантқа кедергі жасамай ма? Сол тұстан ақынның, не жазушының өзін-өзі тежеуі басталмай ма?

– Жоқ, мен олай ойламаймын. Талғам күшейген сайын талант гүлдене түседі. Қазір менің ойымда пьеса жазу жоқ. Ол да сол талғамнан болса керек. Басқа бір нәрселер ойымда жүр. Соны жазсам деймін.

– Сіз Шыңғысхан туралы жазсам деп жүретін едіңіз ғой.

– Шыңғысхан туралы 30 жыл материал жинап келемін. Ол туралы біздің жігіттер жазды. Менің Шыңғысхан жөніндегі көзқарасым басқа. Мен ол туралы жазылған еңбектердің бәрін оқыдым, бір-екі вариантын жаздым да. Ойымнан шықпады. Өтірік. Шыңғысханды мен түсіне алмадым. Мысалы, Шыңғысханның бір сөзі бар. Ол «Дүниеде қандай әнді, музыканы жақсы көресіз?» деген сауалға «Байы соғыста өлген жесір әйелдің жоқтауы мен ата-анасынан айырылған баланың зарлауынан артық музыка жоқ» дегенге саятындай сөздермен жауап береді. Осыны сен қалай «расшифровка» жасар едің? Немесе Отырардың қақпасын ашып берген сатқынға Шыңғысхан: «Ханыңа неше жыл қызмет істедің?», – дейді. Ол «25 жыл» деп жауап береді. Сонда, Шыңғысхан: «25 жыл қызмет істеген ханына опасыздық жасап отырған сен маған жақсылық көрсетем деп отырсың ба?!», – дейді де, жендеттерін шақырып, жаңағының бүйрегін алып, Батыйға пісіріп жегіздіреді. Бұл Шыңғысханның өз қолбасшыларына «сендер де жаңағыдай сатқын болсаңдар, сендердің де бүйректеріңді пісіріп жейтін адам табылады» дегенді сездіргені болатын. осыны қалай түсінуге болады? Сондықтан, мен оны әрі айналдырып, бері айналдырып, бұны жаза алмадым. Өйткені, «злой генийларды» жазу дейтін Құдайдың азабы. Олар – күйретушілер. Оларға өлтіруден, атақ-даңқтан басқа ешнәрсенің керегі жоқ. Ол үшін олар бәрін құрбан етеді. Мысалы, Сталин жөнінде әлі пьеса жоқ. Ал, мемуарлар, романдар болуы мүмкін. Тіпті, поэмалар да болуы ғажап емес. Осы тұста айтарым: «драматургия – это живая клетка человека». Тірі клетканы сахнаға шығару – Құдайдың азабы, білдіңіз бе? Сіз оқырманмен бетпе-бет қалған «тірі клетканы» көз алдыңызға келтіріңізші. Оған менің шамам келмейді.

Жазу үшін «Тарихи-Рашидидегі» цитатадан бастап, тағы басқа да сандаған тарихи фактілер мен цифрларды жинадым. Оның ішінде Моңғолдың «Алтын топшысынан», арысы Қытай құжаттарынан алынған материалдар да бар. Не дейсің, Шыңғысхан туралы жазылғандардың қолыма түскендерінің бәрін де зерттедім, зерделедім, бірақ атакты қолбасшы туралы жазуға шамам жететін түрі жоқ...

– Қал-аға, жаңа Сіз айтып отырған князь Трубецкой Шыңғысхан туралы өте көп айтқан. Оқыдыңыз ба?

– Оқыдым. Олай ететіні, орыс еуразияшылдары сол арқылы өздерінің мемлекетін қалыптастырып, іргелі ел болғандығын Еуропаға паш етеді.

– Осы тұста, қазір кең етек алып отырған Еуразия идеясына қалай қарайсыз?

– Мен ол идеяға дұрыс қараймын. Өйткені, қыпшақ пен тұрандықтардың, сосын орыстардың қыз беріп қыз алысқаны қашан. Ол кезде ислам да, тіпті, христиандықтың өзі де пайда болмаған еді ғой. Солай ма?

– Иә, солай.

– Блоктың да жазғаны бар емес пе еді.

– «Скифыды» айтып отырсыз ғой.

– Иә, сол. Ал, Еуразия теориясы 20-жылдардың басында өмірге келді емес пе? Ол теория ретінде аспаннан түскен жоқ. философ Соловьевты қара. Ресейдің терезесін Еуропаға ашқан Бірінші Петрдің да ойы Шығыста болған.

– Бірақ, тым қатты ашып жіберген жоқ па, Қал-аға?

– Ашқанда жабылмайтын етіп ашып жіберді. Орыстың интеллигенциясының бірі батысшыл, екіншісі шығысшыл болып қалыптасуының да сыры сонда. Олардың алғашқыларын «западниктер» десе, соңғыларын «славянофильдер» дейді емес пе. Соңғылары Хомяковтардың тобы.

Ресей мен біздің арамызда мұхит жоқ. Географиялық жағдайында да бір-бірімізден қашық емеспіз. Ортақ тостағандағы судай Каспий де кетіп бара жатыр. Кесенің түбінде қалған шай – Арал болса, оның жағдайын өзің білесің. Басқа не қалды. Балтыққа келсек, орыс қанша балтықтың бақайынан ұстағанмен, ол оныкі емес. Оған баяғыдан бері Еуропа билік жүргізіп келеді. Сондықтан, Еуразия идеясы бізге жат болмаса керек. Бірақ, оған өте сақтықпен қараған жөн... Лидерство кімде болады, міне, мәселе сонда...

– Қал-аға, мен де солай ойлаймын. Дегенмен, сол трубецкой «славяндардың ерекшелігі тілінде ғана, қалған психологиясы тұрандықтардан қалған» деген ой айтады емес пе?

– Мен оны осыдан бес-алты жыл бұрын оқығанмын. Есіме салып отырсың. Бұған еш таң қалуға болмайды. Саясат дегенің ауа райы сияқты өзгеріп тұратын құбылыс. Ал, экономикалық байланыс дегенің образбен айтқанда, өңеш қой. Сондықтан, экономикалық байланыс үзілмесе, адамдық, тілдік байланыс үзілмейді. Тіпті, айта берді, славяндарда орыстың таза тілі 25 пайыз ғана. Сосын, дүниежүзінде таза өз тілі бар халық кімдер, кәні тауып берші!

– Қал-аға, Трубецкой Шыңғысханның өзі жаулап алған жерлердегі жергілікті жұртшылыққа діни қысым жасамағандығын айтады. Мұнысында қаншалықты сыр бар деп ойлайсыз. Жалпы, діннің мемлекеттің қалыптасуына қаншалықты ықпалы бар?

– Дін – қызық нәрсе. Дін негізі – идеология. Ұлтты біріктіретін мұрат – идея емес пе? Ендеше, ұлттың мұраты сонда. Ал, сол мұратты ең алдымен айтатын дін. Мысалы, арабты мемлекет еткен – ислам діні. Сондай-ақ, православия Орыс мемлекетінің фундаменти болды. Сондықтан, мемлекет қалыптастыруда діннің атқаратын рөлі ерекше. Қазір дүниежүзінде қырықтан аса елдің мемлекеттік идеологиясы – дін. Баяғыда Ресейдің гимні «Боже храни...» деп басталатын. Ол исламда да бар. Онда «Алла Тағала патшаны сақтай гөр, ол жер бетіндегі сенің көлеңкең» демей ме?

Біз іргелі классикалық дін деп төрт дінді айтамыз. иудаизм, буддизм, христианство, ислам. Бұлар теориялық жағынан негізделген. Мысалы, шаманизмде ешқандай теория, кітап пен канон жоқ. Ал, алдыңғы төртеуде оларды негіздейтін кітап бар.

– Қал-аға, дін ғылымға айналып кеткен кезде әртүрлі ағымдар пайда болмай ма?

– Дін ғылымға айналмайды. Дінді ғылыми тұрғыдан түсіндіру басталған тұста әртүрлі ағымдар пайда болады. Мысалы, исламның өзінде 72 ағым бар. Оның ең алғашқылары Имам ағзам, Имам Малік, Имам Хамбала, Имам Шафи. Төрт имам бар. Бірақ, төртеуі де бір мешітте намаз оқиды. Түсініктері канон-фахит. Фахиттарында әртүрлі өзгерістер бар. Жалпы, мұсылман діні – демократиялық дін. Ол Құдайдың бірлігі, Құранның шындығын мойындайды.

– Ал, оның универсализміне қалай қарайсыз?

– Иудаизмнен басқаның бәрінде универсализм бар. Тек иудаизмде жоқ. Дүние жүзіндегі ұлттық дін – иудаизм. Қалғанының бәрі интернационалдық. Ал, Құранға келсек, ол поэзия. Құранды оқудың жеті-сегіз мақамы бар. Жыл сайын Мекке-Мәдинада Құранды оқушылардың конкурсы болады. Дүниежүзіндегі өзгермеген кітап – Құран.

– Қал-аға, енді, қайта өз «шаруашылығымызға» келейік, қазақ прозасы мен поэзиясының, жалпы әдебиет тілінің жұтандап кетуіне аударма қаншалықты ықпал етеді?

– Аударманы суреткер жасаса – тілдің баюына, ал, халтурщик жасаса – тілді жұтандатуға барынша қатты ықпал етеді. Мен кейбір аудармаларды оқи алмаймын. Бұрын Тайшықовтың аудармасын жақсы оқитынмын. Ертеректе аударылған «Қазына аралы», «Құрыш қалай шынықты» секілді кітаптарды жата-жастана оқыған кездерім есімде. Оларды аударушылар-

дың, біріншіден, гимназиялық білімі бар болатын. Екіншіден, олар қазақтың тілінің иісі бұзылмаған кезінде аударылған. Кейінгі аудармалардың көбісін оқи алмаймын. Өйткені, оларды жаңағы өзің айтқан халтурщик-журналистер, тілі жұтандар аударды.

– Бірде Бунин «Орыс тілі менімен бірге өледі» деп жазыпты...

– Онысын білмеймін. Олардың өздерінің айтуынша, буниндей тіл білетін сирек көрінеді ғой... Бірақ, мен қазақтың тілі Әуезовпен бірге өлді деп айта алмаймын. Әуезов қазақтың тіліне реформа жасаған адам. Оның тіл жөніндегі ой-пікірлері мен жазғандарын терең зерттеген ешкім жоқ. «Абай жолында» «ауада дымқыл сыз бар» – деген сөйлем бар емес пе? Сыз жерде болады. Сонда, жазушы мұздай сыздың иісі мен ауадағы байланысты қалай астастырып жіберген десеңізші! Немесе «Күнгірт аспан...» дегенге үңілші. Сондықтан, Абайдың поэзиясындағы, Мұхаңның прозасындағы тіл әлі тереңдей зерттелуін күтіп жатқан құбылыс деп ойлаймын.

Чернышевскийдің кітабы бар. Соның бір бөлімі пушкинге арналған. Сонда, Пушкин тоғыз жасына дейін неміс тілінде сөйлегені туралы әңгіме болады. Бірінші «Домашний скетчті» неміс тілінде жазған. Сол Пушкин 29 жылдың ішінде орыс тілінің негізін қалаушы атанып, ұлы ұлттық ақын болды. Сен білсең айтшы, байронизм Пушкинде күшті ме, әлде Лермонтовта күшті ме?

– Лермонтовта.

– Дұрыс. Мен баяғыда Мәскеуде бесінші курста лермонтовты «плагиат» дегенмін.

– Неге?

– Айтайын. «Маскарад» пен «Отеллоны» салыстырдым. Нина бар ғой, Евгений Арбениннің әйелі, соны Арбенин балдан кетіп қалып үйінде күтеді емес пе. Әйелі сұлу, әрі өзінен жас. Ал, Нина болса балда князь Звездичпен танысады да, кейін сол балда білезігін жоғалтып алады. Ал, үйде әйелін күтіп отырған арбенин болса:

«Бывало, так меня чужие жены ждали.

Теперь я жду жены своей...» – дейді. Ал, дәл сондай оқиға «Отеллода» да бар. Ол үйінде «талай майданда теңіз толқынында талай кеме батты» дегенге саятын сөздерді айтып, үйінде Дездемонаны күтіп отырмайтын ба еді. «Отеллода» Яго болса, «Маскарадта» князь Звездич, онда Янко болса, мұнда Штраль. Бір-біріне ұқсас адамдар мен кейіпкерлер. Дездемона да орамалын жоғалтып алады емес пе? Тағы бір нәрсеге назар аударшы. «Отеллода»... «Где платок?» десе, «маскарадта» «Где браслет?» дейді. Сосын, «отеллода» «Кәлима қайтардың ба?» десе, Арбенин әйеліне «Теперь молиться время, Нина» демей ме. Бір ситуация. Менің Лермонтовты «плагиат» деуімнің сыры осында еді. Бұл алғашқы курс жұмысым болатын. Өзім соған қазір қатты қызығып жүрмін. Жоғалтып алдым. Жоғарыдағы пікірім үшін профессордан ұрыс та есіттім. Лермонтов онда 22 жаста екен. Бұл 1836 жылы жазылған шығарма. Лермонтов бір хатында «Отеллоны» екі рет оқып шықтым дейді.

– Қал-аға, қазір не жазып жүрсіз? Не толғандырып жүр? Мемуар жазу ойыңызда бар ма?

– Мемуардың эскиздерін, анау-мынауларын жасап жүрмін. біреулер де «мемуар жаз!» деп кеңес беруде. Өйткені, біз өте қиын жағдайда өмір кештік. Мына ХХ ғасыр дегенінің өзі нобель әулетінің динамитінен басталып, атом бомбасы, ядролық жарылыстармен аяқталды. Ешбір ғасырда мұндай қырғын болған емес. «Атомның бөлшектенуі» дегеніміз «адам психологиясының бөлшектенуі» дегенге дейін алып келді. Сондықтан, біздің замандастарымыздың, алдымыздағы ағаларымыздың тағдыр-таланы ауыр болды. Сосын, оларға заманның, саясаттың ықпалы да болмай қалған жоқ. Кез келген өркениет, кез келген жаңадан ашылған ғылыми жаңалық қоғамға әсер етпей тұрмайды. Баяғыда Байрон: «Адам баласы өз тарихындағы жүз жылдық соғысты біледі. Отыз жылдық, жеті жылдық соғысты да біледі. Ал, бірақ жер бетінде жеті күн тыныштық болмағанын адам баласы білмейді, жадында да жоқ», – деген. Шынында да солай. «Братская могила» деген ұғым ХХ ғасырда пайда болды. Екі империалистік соғыстың қаншама халықты алып кеткенін әлі ешкім анықтаған жоқ. Оның ортасында аштықтан, репрессиядан өлгені қанша. Олардың да санын ешкім білмейді. ХХ ғасыр өзінің күйретушілік, бүлдірушіліктерімен адам баласына жұмбақ ғасыр болып қалады...

Осының бәрін айтып, жазу керек, жолбарысым!

– И.Калашников Шыңғысхан шапқыншылығы кезеңін «жестокий век» демей ме. Яғни, біз ХХ ғасырды Сіздің айтуыңызша одан да қаныпезерлеу деуіміз керек қой?

– «Жестокий векты» оқыдым. Ол деген ХХ ғасырдың қасында ойыншық. Ол ғасыр «жестокий» ғана. Ал, ХХ ғасыр – «қанқұйлы» ғасыр. Білдің бе? ХХ ғасыр бізге не берді? Қазір 6 млрд. халық бар. Отызыншы жылдары 2-ақ млрд. халық болатын. Сол 6 млрд.

халықтың 5 пайызының қолында дүниежүзі байлығының тек жартысы, яки 50 пайызы отыр. Сонда бұл қандай ғасыр болып шығады? Мұнда қандай әділдік бар?

– Иә, әділдік жоқ, әрине...

– Жердегі адам космостың моделі ғой. Мен саған бір қызық айтайын. Қазіргі кезеңде «ұлттық сана», «адамзаттық сана», «қоғамдық сана...» деген сияқты көптеген ұғымдар қалыптасты. Солардың ең биігі – «ғарыштық сана».

Ерекше туатын таланттар, ескі тілмен айтқанда, әулиелер – сол «ғарыштық сананың» өкілдері. Оларға көріпкелдер де жатады. Сондай-ақ, «ғарыштық сана» генийлерде болады. Мен бір кітаптан оқып едім, атын ұмытып отырмын. Сонда дүние жүзінде он екі жылда бір гений туады екен. Ол Сауд Арабиясы ма, Рейннің жағасы ма, ешкім білмейді. Бірақ ол қай ортада өмірге келсе, сол ортаны белгілі бір дәрежеге көтереді.